



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Ғ.Тұрсынов

« 05 » 10.03 2025 ж.

Математика бойынша «Кенгуру» ойын-конкурсының ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Кенгуру» ойын-конкурсы - бұл мектеп оқушыларының математиканы оқуға деген қызығушылығын дамыту және қолдау мақсатында өткізілетін халықаралық математикалық ойындар конкурсы (бұдан әрі - Конкурс).
- 1.2. Конкурстың негізгі міндеттері: математикалық есептерді шешуге мүмкіндігінше көбірек балаларды тарту, әр оқушыға ойластырылған тапсырмалар жанды, қызықты және көңілді іс бола алатындығын көрсету.
- 1.3. Конкурстың ұлттық үйлестірушісі «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - «Дарын» РҒПО) болып табылады.
- 1.4. Конкурсты қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылады.

II. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 2.1. Конкурсқа білім беру ұйымдарының қызығушылық танытқан 1-11 сынып оқушылары (бұдан әрі - қатысушылар) қатыса алады.
- 2.2. Конкурс кезінде Конкурсқа қатысушылардың дербес деректерін өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 2.3. Конкурсқа қатысушылар ерікті түрде қатысады.
- 2.4. Конкурсқа қатысу алдын-ала және кейінгі іріктеусіз жүзеге асырылады.

III. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 3.1. Конкурстың ұйымдастырылуы мен өткізілуін «Дарын» РҒПО директорының бұйрығымен ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) қамтамасыз етеді.
- 3.2. Конкурсты онлайн режимде games.daryn.kz сайтында «Дарын» РҒПО өткізеді.
- 3.3. Конкурстың өткізілуін қамтамасыз ету үшін «Дарын» РҒПО games.daryn.kz платформасын дайындайды.

3.4. Конкурстың Ұйымдастыру комитеті:

- Конкурстың өткізілу күндерін анықтайды;
- жыл сайын Конкурсқа қажетті ұйымдастырушылық, техникалық және әдістемелік міндеттерді дайындау және шешу бойынша кеңестер өткізеді;
- Конкурстық тапсырмаларды дайындауды және бекітуді қамтамасыз етеді;
- Конкурс тапсырмаларының құрылымын, тапсырмалар саны мен оларды орындауға берілетін уақытты анықтайды;
- Конкурс нәтижелерін талдайды;
- облыстың білім басқармаларына, дарынды балалармен жұмыс жөніндегі аймақтық орталықтарына хабарлайды;
- Конкурсқа ақпараттық қолдау көрсетеді;
- Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау үшін дипломдар дайындайды және оларды қатысушының жеке кабинетіне орналастыруды қамтамасыз етеді;
- «Шекарасыз Кенгуру» Қауымдастығына халықаралық тапсырмалар банкіні құру бойынша ұсыныстар енгізеді.

3.5. Конкурс жыл сайын ерікті түрде Ұйымдастыру комитеті бекіткен мерзімде өткізіледі.

3.6. Конкурсқа қатысушылар «шекарасыз Кенгуру» қауымдастығының жыл сайынғы халықаралық конференциясында бекітілген халықаралық тапсырмалар банкі негізінде тапсырмаларды орындайды.

3.7. Конкурсқа арналған тапсырмалардың тізімін Ұйымдастыру комитеті бекітеді.

3.8. Облыстың білім басқармалары мен дарынды балалармен жұмыс жөніндегі аймақтық орталықтар аудандық білім бөлімдеріне (мектеп ұйымдастырушыларына) Конкурс туралы хабарлайды.

3.9. Конкурсқа Ұйымдастыру комитеті белгілеген мерзімде қатысу үшін қатысушылар games.daryn.kz сайтында тіркеліп, қатысуды алдын ала растау қажет.

IV. ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. Конкурсқа қатысушыларға 1-4 сыныптар үшін 24 сұрақтан және 5-11 сыныптар үшін 30 сұрақтан тұратын тапсырмалар ұсынылады. Әр сұрақ 5 мүмкін жауаптан тұрады, олардың біреуі ғана дұрыс. Тапсырмалар арасында оқыту бағдарламасына кірмеген сұрақтар болуы мүмкін.

4.2. Конкурсқа қатысушылардың әр жас тобы бойынша тапсырмаларды бағалау және оларды орындау уақыты Ұйымдастыру комитетімен анықталады.

4.3. Конкурс нәтижелерін бағалау қатысушының жинаған ұпайларының жалпы саны (пайызбен) негізінде жүзеге асырылады. Әр тапсырма үшін ең көп ұпай санын Ұйымдастыру комитеті анықтайды.

V. КОНКУРС ТӘРТІБІ

5.1. Конкурстың Ұйымдастыру комитеті жыл сайын облыстың білім басқармаларына және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі аймақтық орталықтарына хабарлайды.

5.2. Облыстың басты білім басқармалары мен «Дарын» аймақтық орталықтары Конкурс туралы ақпарат таратады, Конкурсқа қатысушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға ақпарат беру үшін тиісті іс-шаралар өткізеді.

5.3. Конкурс туралы ақпарат daryn.kz сайтында орналастырылады.

5.4. Конкурс оқушылардың бес жас топтары үшін өткізіледі:

- 1-2 сыныптар;
- 3-4 сыныптар;
- 5-6 сыныптар;
- 7-8 сыныптар;
- 9-11 сыныптар.

VI. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1. Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Ұйымдастыру комитеті анықтайды.

6.2. Конкурстың Ұйымдастыру комитеті:

- Конкурс тапсырмаларын бағалау өлшемдерін бекітеді;
- Конкурс тапсырмаларының орындалуын тексереді және бағалайды.

6.3. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

I, II және III дәрежелі дипломдардың санын Конкурстың Ұйымдастыру комитеті анықтайды (сынып бойынша).

6.4. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің дипломдарына «Дарын» РҒПО директоры қол қояды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің дипломдары games.daryn.kz сайтында электронды түрде орналастырылады. Электрондық ресурсқа сәйкес сілтеме қатысушының жеке кабинетінде орналастырылады.

6.6. Дипломдар шынайылығын растау мақсатында QR-кодпен бірге онлайн форматта жасалады.

6.7. Конкурстың нәтижелері Ұйымдастыру комитеті белгілеген мерзімде games.daryn.kz сайтында жеке кабинетінде жарияланады.

VII. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Конкурс барысында қатысушы:

- қажетті кеңсе тауарларын пайдалануға;
- ерекше жағдайларда тест өткізіліп жатқан жерден шығуға құқылы.

7.2. Конкурс барысында қатысушыға тыйым салынады:

- кітаптар, дәптерлер, жазбалар, меншікті электронды ақпарат құралдарын әкелуге және пайдалануға;
- сөйлесуге, орналасқан жерін өзгертуге.

7.3. Қатысушы еңбекті қорғау ережелерін, санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға міндетті.

7.4. Қатысушы келесі жағдайларда Конкурста қатысудан шығарылуы мүмкін:

- Конкурсты өткізу тәртібін бұзған жағдайда;
- Интернет-ресурстарды әдейі пайдаланған жағдайда.

